

Басқару әдістері

ОРЫНДАҒАН: ТАШНИЯЗОВА С,
КАБЫЛДАҒАН:
ТОБЫ: 119-24

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТИҢ БІРДЕН-БІРНЕГІЗІ
МЕКТЕПШІЛІК БАСҚАРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. МЕКТЕПШІЛІК
БАСҚАРУ ЕҢ АЛДЫМЕН БАСШЫЛАРДЫҢ, МҰҒАЛІМДЕР,
ОҚУШЫЛАР МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ БАСТАМАШЫЛЫҒЫ МЕН
ӨЗДІГІНЕН ЖҰМЫС ЖАСАЙ АЛУЫН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛАДЫ.



ТҮСІНУ, БАСҚАРУҒА ҚОЛАЙЛЫ АЛҒЫШАРТ ЖАСАЙДЫ.
МЕКТЕПТЕГІ БАСҚАРУДЫ ЖҮЙЕЛІЛІК ЫҢҒАЙЫНЫҢ БІРІНШІ
БЕЛГІСІ — МЕКТЕПТІ ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ ТАНЫП, ОНЫҢ НЕГІЗГІ
БЕЛГІЛЕРІНЕН ҚҰРАЛАТЫН ОСЫ ЖҮЙЕНІҢ ТҰТАСТЫҒЫН КӨРЕ
БІЛУ. ЕКІНШІ БЕЛГІ МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
ЖҮЙЕНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ҚАЛАЙ БОЛСА МЕКТЕПТІҢ
БАЙЛАНЫСТАРЫ МЕН ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ СОҒАН
ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛМАҚ. ЖҮЙЕНІҢ ҮШІНШІ КОМПОНЕНТІ
ОНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН СИПАТТАРЫНАН
ТУЫНДАЙДЫ.



ЖАЛПЫ БАСҚАРУ ДЕГЕНДІ — ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН, БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТҚА СӘЙКЕС БАСҚАРУ НЫСАНЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ, ҚАДАҒАЛАУ, РЕТТЕУ, АЛЫНҒАН ШЫНАЙЫ АҚПАРАТ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ ЖАСАП, НӘТИЖЕСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ӘРЕКЕТІ ДЕП ТҮСІНДІРУГЕ БОЛАДЫ. БАСҚАРУ НЫСАНЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ, ТЕХНИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕЛЕР БОЛУЫ МҮМКІН. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕНІҢ БІРІ АУЫЛ, АУДАН, ОБЛЫС, МЕМЛЕКЕТ КӨЛЕМІН ҚАМТИТЫН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ДЕП БІЛЕМІЗ. БҰЛ ЖЕРДЕ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ, ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТТЕРІ, АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМДЕРІН АТАЙМЫЗ. АЛ ОРТА МЕКТЕП КҮРДЕЛІ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ РЕТІНДЕГІ МЕКТЕПІШІЛІК БАСҚАРУДЫҢ НЫСАНЫ БОЛАДЫ. БІЗ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ НЕМЕСЕ ОНЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ ТУРАЛЫ АЙТҚАНДА ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖҮЙЕ — ОРТА МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДЫҢ БӨЛІКТЕРІ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАМЫЗ.





ҒЫЛЫМИ БАСҚАРУДА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ
ӘДІСТЕР ҚОЛДАНЫЛАДЫ:

ОЙЫН ТЕОРИЯСЫ ӘДІСІ- БҰЛ ТӘСІЛ
ҚАЙБІР ІСТІҢ БӘСЕКЕЛЕСКЕ ӘСЕР
ЕТУІН БАҒАЛАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ;
ИМИТАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДЕНДІРУ
ӘДІСІ- БҰЛ КЕЗДЕ АРНАЙЫ
ҚҰРЫЛЫМДАР ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ. ОЛАР
НАҚТЫ ӨМІРДІ ИМИТАЦИЯ ЖАСАЙДЫ,
ЯҒНИ ӨЗ ҰЙЫМЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫН МОДЕЛЬДЕЙДІ,
БӘСЕКЕЛЕСІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН
ҚАРАСТЫРАДЫ.

БҰТАҚТЫ АҒАШ ТӘРІЗДІ ШЕШІМДІР
ӘДІСІ- БҰЛ ӘДІСТЕ МӘСЕЛЕНІ СХЕМА
ТҮРІНДЕ ЖӘНЕ БАЛАМАЛАРДЫ КӨЗБЕН
ШОЛЫП ҚАРАУДЫ ҰСЫНАДЫ.

БОЛЖАУ ӘДІСІ- БАЛАМАНЫ ЖӘНЕ
ОНЫҢ ЫҚПАЛДЫҒЫН АЙҚЫНДАУ ҮШІН
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС.

-
- Басқару тәсілдері және олардың сипаттамалары. Кәсіпорын қызметі мақсатының бағыт-бағдарын білу міндетті түрде қажет болып саналады. Сонымен қоса осы бағыт-бағдардың сипаты алуан түрлі болуы мүмкін, осыған байланысты басқару процесі үш тәсілде жүреді.

Бірінші тәсіл - мақсатты басқару. Барлық өндірістік және басқадай басқару міндеттерін барлық деңгейде шешкен кезде мақсатты басқару шешуші роль атқарады. Басқарудың мақсаттылығы - кәсіпорынның жалпы мақсаттық, дербес бөлімшелерін ұйымдастыру үшін жіктеу. Мақсатты басқару аса ірі бір жолғы шараларды мәселен кәсіпорынды қайтадан конструкциялау және қайтадан жарақтандыру, жаңа өнімді шығаруға көшу, жалгерлікті немесе кооперацияны енгізу т.б. шараларды орындау үшін қолданылады.

Екінші тәсілі - бағдарламалық басқару. Мұнда нақты тапсырманы мұқият ойластыру, бөлімшелердің жүйелі әрекетін және бұл әрекеттердің бір бірімен байланысын анықтау көзделеді. Осындай тапсырма жиынтығы басқару бағдарламасы болып табылады.

Үшінші тәсілі - жағдайға қарай басқару. Бұл мақсатты айқындаған әрі сирек өзгертін, тұрақтанған, толық мәнгерілген өндірісте қолданылады. Мұндағы басты міндет - туындаған қолданыстағы жағдайдан, өндіріс процесіндегі іркіліктен шығудың ең қолайлы жолдарын іздестіру. Ол үшін пайда болған ауытқуларды тез, әрі аз шығынмен жоюға мүмкіндік беретіндей шешім қабылдайды.

ЖҮЙЕЛІК ТӨСІЛДІҢ НЕГІЗДЕРІ. ЖҮЙЕ ТҮСІНГІ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАСИЕТТЕРІ. ЖҮЙЕЛІК - ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫЛАМА ҚАСИЕТІ БОЛЫП САНАЛАДЫ. ҚОҒАМ ӘРҚАШАНДА ҰЙЫМДАСҚАН ТҮРДЕ БОЛАДЫ ДА, БЕЛГІЛІ БІР ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ТАБИҒИ БАЙЛАНЫСҚАН ОСЫ ЖҮЙЕНІҢ ӨЗІ ТҰТАСТАЙ ЖИЫНТЫҚ ТҮРІНДІ ӨЗІНІҢ АЛҒЫ ШАРТЫ БОЛАДЫ, ӘРІ ОНЫҢ МАҚСАТТЫ ДАМУЫ ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ӨЗІНЕ БАҒЫНДЫРУҒА НЕМЕСЕ СОДАН ОНЫҢ ЖЕТІСПЕЙТІН ОРГАНДАРЫН ҚҰРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

ЖҮЙЕ ДЕГЕНІМІЗ- ТҰТАСАЙ ҚҰРЫЛЫМДЫ ҚҰРАЙТЫН, ЖАҢА ҚАСИЕТКЕ ИЕ БОЛАТЫН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСЕТІН ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ. ЖҮЙЕНІҢ ЖАЛПЫ ҚАСИЕТІ ИЕРАРХИЯЛЫҒЫ (ТӨМЕННЕН ЖОҒАРЫҒА БАҒЫНУ ТӘРТІБІ), ЯҒНИ ЖҮЙЕ НЕҒҮРЛЫМ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫМҒА ЕНГЕНДЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТІНЕ АЙНАЛУЫ ЖӘНЕ КЕРІСІНШЕ ЖҮЙЕ ЭЛЕМЕНТІ ДЕРБЕСТІК АЛА ОТЫРЫП, ӨЗІ ДЕ ЖҮЙЕГЕ АЙНАЛАДЫ.

